

Астана қаласында түркі тілдес мемлекеттердің Басқосуын өткізуге байланысты іс-шараларды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3953. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

1. 1998 жылғы 9 маусымда Астана қаласында түркі тілдес мемлекеттердің Басқосуы өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасының делегациясы N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Басқосудың өткізілуіне байланысты негізгі шаралар бағдарламасы бекітілсін (N 2 қосымша).

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы іс-шаралардың Мемлекет басшыларының жұмыс бабындағы сапарлары үшін көзделген көлемде өткізілуін қамтамасыз етсін, ресми делегациялар мүшелерін, сарапшылар мен ілесіп жүрген адамдарды орналастыру мен оларға қызмет көрсету, баспа өнімдерін жасап шығару және кәдесыйлар сатып алу жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына Мемлекет басшылары мен делегация мүшелері орналасатын жайларды айқындау тапсырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі:

- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп Басқосу шеңберіндегі іс-шараларға құжаттық, ақпараттық және техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етсін;

- Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен, Сыртқы істер министрлігімен, Республикалық ұланмен бірлесіп ресми делегацияларды әуежайда күтіп алу мен шығарып салуды және түркі тілдес мемлекеттердің делегацияларына Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми қабылдау ұйымдастырсын.

7. Түркі тілдес мемлекеттер делегацияларына қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында N 3 қосымшаға сәйкес оларға министрліктер бекітіліп берілсін.

8. Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Көлік және коммуникациялар министрліктері түркі тілдес Мемлекеттер басшыларының арнаулы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ұшып өтуін қамтамасыз ететін

болсын. Көлік және коммуникациялар министрлігі арнаулы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағы мен жанармай құюды қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі Мемлекет басшыларының қауіпсіздігін, әуежайда, жүріп өту маршруттары бойынша және делегациялардың баратын жерлерінде қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ететін болсын.

10. Астана қаласының әкімі ресми делегацияларды күтіп алу мен шығарып салу, жүріп өту маршруттары бойынша, астана әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі барлық ұйымдық шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Басқосу шеңберіндегі іс-шаралардың бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жария етілуін қамтамасыз етсін.

12. Қазақстан Республикасының Үкіметі Басқосудың хаттамалық іс-шараларын өткізу жөніндегі шығыстар мен көлік шығыстарын бекітілген сметаға сәйкес республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізісін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1998

жылғы

18

мамырдағы

№

3853

өкіміне

№1 қосымша

**1998 жылғы 9 маусымда түркі тілдес мемлекеттер
Басқосуына қатысатын Қазақстан Республикасы ресми
делегациясының құрамы жөніндегі ұсыныстар**

Назарбаев Н.Ә.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Балғымбаев Н.Ө.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Кекілбаев Ә.К.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Хатшысы

Есімов А.С.

Қазақстан Республкасы Президенті
Әкімшілігінің Басшысы

Әбіқаев Н.Ә.

Қазақстан Республикасы

Тоқаев Қ.К. Президентінің Бірінші көмекшісі
Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер министрі
Көшербаев Қ.Е. Қазақстан Республикасының Білім,
мәдениет және денсаулық сақтау
министрі
Школьник В.С. Қазақстан Республикасының Ғылым
министрі - Ғылым академиясының
президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 18 мамырдағы
№ 3953 өкіміне
№ 2 қосымша

Түркі тілдес мемлекеттер Басқосуын өткізу
БАҒДАРЛАМАСЫ

1998 жылғы 9 маусым

Астана қаласы

13.00-15.00

Астана қаласының әуежайына түркі тілдес мемлекеттер басшыларының келуі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев күтіп алады.

Күтіп алуға мыналар қатысады: Тоқаев Қ.К., Жақсыбеков Ә.Р., бекітілген министрлік басшысы. Мемлекет басшылары келгеннен кейін делегациялардың орналасу жайларына барады.

15.00

Қазақстан Республикасы Президентінің өз Резиденциясына жүріп кетуі

15.35-15.55

Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясына Мемлекет басшыларының келуі және Қазақстан Республикасының Президентімен кездесу (камин залы)

16.00-17.30

Басқосу мәжілісі (үлкен мәжіліс залы, 4 қабат)

17.40-18.00

Баспасөз конференциясын өткізу (баспасөз залы)

19.30-21.00

Қазақстан Республикасының Президенті

атынан ресми қабылдау.

Мемлекет басшыларының Астана қаласынан 10 маусмда кесте бойынша қайтуы.

Қазақстан Республикасы

Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы

№ 3953 өкіміне

№ 3 қосымша

**Түркі тілдес мемлекеттердің ресми делегацияларына
бекітіліп берілген министрліктердің**

ТІЗІМІ

- | | |
|--|--|
| 1. Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік | Әзербайжан Республикасының делегациясына |
| 2. Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі | Өзбекстан Республикасының делегациясына |
| 3. Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі | Қырғыз Республикасының делегациясына |
| 4. Әділет министрлігі | Түркменстан делегациясына |
| 5. Экология және табиғи ресурстар министрлігі | Түрік Республикасының делегациясына |